




ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Латын тілінің дамуы: француз және
итальян тілдері





Итальян тілі мен француз тілінің бір-біріне ұқсастығы: екеуі де үнді еуропа тілдеріндегі роман тобына жататын тілдер. Роман тілдеріне бұл екеуінен басқа, испан, окситан, португал, румын тілдері кіреді. Француз және итальян тілдері, латын тілінің ықпалында, соның негізінде пайда болған тілдер. Латын тілі алғашында, қарапайым бір аймақтың тілі болған. Италия елінде де латынша сөйлейтіндердің бір аймағы болған екен. Кейін Рим империясы құрылып, үлкен күшке қол жеткізген кезде, латын тілін қолдап, оны үлкен деңгейге көтеріп, тек қана итальян емес, бүкіл Еуропаға ықпал жасады. Кейін үлкен ғылыми тілге, әдеби және дін тіліне айналғандықтан, латын тілі өзінің төңірегіндегі тілдерге үлкен әсер еткен.

Француздар негізінде латынның ықпалында болып жүрсе де, олардың тілі де үлкен даму жолына түсті.

Италияның кейінірек XII–XIII ғасырларда «Секани» деген аймақтық диалектінде Данте Алигьери «Құдыретті комедия» шығармасын жазған. Данте Алигьери (1265–1321) – итальян ойшылы, ақын, әдеби итальян тілін қалыптастырушы. Оның бұл шығармасы сол аймақтық деңгейден үлкен деңгейге жеткен. Данте сияқтылар латын тілінің ықпалынан шыққысы келді, өздерінің ұлттық тілін қалыптастырғысы келді. Бірақ сол кездегі шіркеулердің, діннің ықпалы зор болып, олардың көптеген мәдени және ғылыми дамуларына кедергі жасады. Сол тілдің ықпалынан шығу үшін жаңа шығармаларын өзінің аймақтық диалектінде жазып, итальян тілінің күштілігін көрсеткісі келді. Сөйтіп жаңа дәуірге, яғни ренессансқа жол ашылды. Дантеден кейін латын тіліне деген қарсылық күшейіп, Мартин Лютер де латын тіліндегі Інжілді неміс тіліне аударып, латын тілінің әлсіреуіне үлес қосты.

Француз және итальян тілдерінің арасындағы латын тілінің екеуінің біраз ұқсастығы бар, лексикалық ұқсастығы 70–80% жетсе де, айтылуы өзгеше болғандықтан, бір-бірінің тілін түсінбеді. Сонымен қатар, Еуропа елдері, Италия, Данте бастаған ренессанс кеңінен жайылып, Францияға да, Британияға да тарап, әрқайсысы ұлттық бейнесінің, ұлттық тілінің пайда болуына үлкен үлес қосты. Сөйтіп, латын тілінен ажырап, ұлттық тілдерін құрды. Италия мен Францияның әліппесінде де, айтылуында да ерекшеліктер, өзгешеліктер пайда болды. Мұның өзі, латын тілінің ықпалы негізінде дамыған тілдер болса да, өзіндік фонетикаға қол жеткізіп, өзіндік айтылуында өзіндік ерекшеліктеріне ие болған тілдер. Кейін араб, шығыстағы түрік тілдерінде де, көптеген сөздердің түбі бір болса да, айтылуында ерекшеліктер көбейгендіктен, бір-бірін түсіну қиынға соққан.

Парсы тілінің де түбірі бір болғанымен, үш диалектін қолданғандар бір-бірін түсінісе алмағандықтан, Иранда «Техан» диалектін мемлекеттік стандарт тіл ретінде қабылдап, соны қалыптастырды. Италия мен Францияда стандарт тіл болып қалыптасқан латынның бұрыннан зор үлесі болса да, кейін бұл екі тіл бір-бірінен ажырай бастаған. Француздар мен итальяндар арасында әлемдік экономикалық бәсекеде француздар алға жылжып отырды. Дүниедегі отарланған елдердің саны Италияға қарағанда көбірек әрі табысты болды. Францияның белгілі бір дәрежеде, оның мәдени, рухани өрісі ұлттық буржуазиялық негізде тез дамығандықтан, әлем оны оңай қабылдады. Франция отарлау жолымен болсын, басқа да болсын, саяси-экономикалық жүйелерін құрып, тілі 29 мемлекетке тараған. Мысалы, Африка құрлығында, Канадада, мұхит аралдарында, Швейцарияда, Бельгияда, т.б. мемлекеттерде француз тілі қолданысқа енген. Француз тілі әдеби, көркем, әсем тіл ретінде де көптеген зиялылар тарапынан қолдау тауып келе жатыр. Көптеген тіл зерттеушілері, әдебиетшілер, ғаламдар француз тілінің әдеби көркемдігіне, айтылуындағы әсемдігіне т.б. көңіл бөліп, бұл тілді үйренуді қалаған. француз тілін итальян тілімен салыстырғанда, өрісі кеңірек болып тұрғаны анық.

Француздың атақты жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты (1947) Андре Жид (1869–1951) француз тілінің кеңінен зиялылар қауымына таралуында үлкен еңбегі бар. Француз, итальян тілдерінің бір-бірінен ерекшелігі: белгілі бір кезеңде латын тілінің өрістеуіне, қанат жаюына, кеңінен қолданысқа енуіне үлкен қызмет жасады. Рим империясы күшейгенде, латын тілін ресми тіл ретінде қабылдап, империяның аймағында кеңінен тарады. Саяси тұрғыдан қолдау тапқан тіл үлкен тұлғалардың назарына ілігіп, латын тілінің одан әрі тереңдеп дамуына үлес қосты.

Атап айтқанда, Италияның б.з. I ғасырындағы Вергилий Марон деген ғалам, өзінің «Энеида» деген шығармасын жазып, сол кездегі өте атақты үлкен ақын ретінде танымал болып, латын тілінің бедел, абыройын өте жоғары деңгейге көтерді.



Вергилий немесе Публий Вергилий Марон (б.з.б. 70–19 ж.ж.) – ежелгі Римнің ұлы ақыны, «Буколикер», «Георгиктер», «Энеида» шығармаларының авторы. Оның сол кездегі билікте болған қолдаушысы Август императордың үлкен көмегі тиді. Соның арқасында өзінің шығармасын сол кездегі әдебиет сүйер қауымға кеңінен таратып, танымал болуына мүмкіндік алды.

Квинт Гораций Флакк (б.з.б. 65–8 ж.ж.) – Октавиан Август билігі тұсындағы Ежелгі Римнің көрнекті ақыны, Вергилийдің кіші замандасы болды. Оның да шығармалары латын тілінің дамуына септігін тигізді.

Латын тілінің Рим империясының қолдауымен, үлкен ақындардың шығармаларымен әлемдік деңгейге көтерілген әдебиет ретінде танымал болса, кейін XIV ғасырға келгенде Италияның үлкен саяси, мәдени қайраткерлерімен үлкен даму сатысына жеткен латын тілін, Данте Алигьери «Құдыретті комедиясын» латын тіліне қарсы бір шығарма ретінде, «секани» итальяндық диалектісін ұлттық деңгейге көтеріп, латын тілінің төмендеуіне үлкен ықпал жасады.

Кейін XVI ғасырларда итальян тілінің танымал болатыны, италиялық философ, жазушы, саясаткер, флоренциялық дипломат, саяси теоретик Никколо Макиавеллидің (1469–1527) «Пренс» шығармасымен байланысты. Никколо Макиавелли әлем тарихында ерекше орны бар, саясат ғылымының негізін салушы, кейінгі заманның университеттерінде саясат ғылымының пән, сала ретінде оқылуына негіз болған тұлға. Ол «саясат ешқашан тура жолмен үлкен жетістікке жетпейді, әрқашан саясатта айла да, өтірік те, екіжүзділік те, бәрі болу керек» деген негізде, өзінің еңбегін жазып шығарды. Сөйтіп, жаңа бір көзқарасты болымды, болымсыз түрде әлемге жария еткен тұлға ретінде танымал болды.

Француздар ежелгі латын тілінен ерекше еңбегі болмаса да, оның мәдениетінен, жазуынан әсерленіп, кейін өзінің үлесін ренессанс дәуірінде XVII ғасырдан бастап, өте ірі, әлемге танымал тұлғалар арқылы әдебиетін кеңінен танытты. Ол сол кездегі Францияның саяси, экономикалық істерінің негізінде пайда болған тұлғалар.

Атап айтқанда, әлемнің ұлы драматургтерінің бірі Пьер Корнель (1606–1684), оны орыс ақыны А.С. Пушкин «трагедияның гениі» деп атаған. Сондай-ақ, оны Шекспирмен жиі салыстырады.

Жан Расин (1639–1699) – француз драматургы, «Андромаха», «Британик», «Ифигения», «Федра» секілді трагедиялардың авторы.

Мольер Жан Батист Поклен (1622–1673, Париж) – француз драматургі, актер, француз ұлттық комедиясының негізін салушы. Ол комедия жанрын дамытуға зор үлес қосты.

Жан-Жак Руссо (1712–1778) – француз философы, жазушы, Ағарту дәуірінің ойшылы. Қоғамдық келісім туралы еңбектің авторы.

Франсуа Мариаруэ Вольтер (1694–1778) – француз жазушысы, философы, тарихшысы. Ол шығармаларында феодалдық қатынастарды, деспотияны және дінді қатты сынады.

Андри Мари Бейль немесе Стендаль (1783–1842) – француз жазушысы. 1800–1814 жж әскери қызмет атқарып, Наполеон әскері құрамында болып шабуылдарға қатысты.

Оноре де Бальзак (1799–1850) – француз жазушысы, еуропалық әдебиеттегі реализмнің негізін қалаушылардың бірі.

Виктор Гюго (1802–1885) – француз халқының ұлы ақыны, француз драматургиясының реформаторы, көсемсөз шебері, публицист-патриот, саясаткер-демократ.

Франс Анатоль (1844–1924) – француз жазушысы, Нобель сыйлығының иегері (1921).

Қорыта айтқанда, француздар өздерінің ежелгі дәуір әдебиетінде тікелей латынның ықпалында болғаны айдан анық. Кейін француздар латынмен қоса римдіктердің ықпалында болды. Себебі Италияның сол кездегі Рим империясы бүкіл әлемдік күшке айналған дәуір болды. Бұл дәуір өткеннен кейін, Италияда ренессанс дәуірі басталғанда, латын және Римнің ықпалынан үлкен бір сатыға көтерілді. Әлемді отарлау, тағы француздардың жасаған іс-әрекеттері, әлемнің көптеген елдерінде француз экономикасы күшінің, мәдениетінің, тілінің үстем болуына негіз қалады.

Италияндықтар, француздар, тағы басқа өзге де Еуропа елдері сияқты, бұлардың үлкен жетістіктері дін мен ғылымның арасын, қарым-қатынасын нақтылау болды, себебі ренессанстан кейін Еуропа надандық дәуірді бастан өткізді. Барлық жұмыстарға, күнделікті тіршілігінен бастап, бүкіл ғылыми зерттеуге көзқарастар тек дін арқылы іске асып отырды. Адамдар дін, рухани сезім мен материалдық шындықтың арасында қандай ара-жігі бар екендігін байқамай,



көптеген жылдар өмірдің шындығын таба алмай, кейін жаңа көзқарасқа ие болған Рене Декарт сияқты үлкен тұлғалардың арқасында ғылыми жолға түсті.

Ғылымның ақиқатын ашу үшін адам өзінің санасын, ақылын дұрыс пайдалануы керек. Рене Декарттың айтуы бойынша, «бір нәрсеге көзім анық жетпейінше, мен ешбір нәрсеге сенбеймін» деген екен.

Ғылымның шындық тұстарын қалай тану керектігін, ол тек діни көзқарастарды, өмірлік табиғаттағы болып жатқан құбылыстарға бәрін араластырып, екеуін шатастырмай, адамның рухани жетілуіне, әрине, дін өзінің еңбегін сіңіре алса, оның белгілі бір дәрежеде рухани рөлі айқын көрінеді. Ал «ғылымда, табиғаттануда, өмірде алға жылжуда, біз ғылымға шындық тұрғыдан қарап, діни көзқарасты араластырмай, жаңа танымдарға қол жеткізуіміз керек» деген қағидаларын Еуропа елдерінің ғылыми дамуына негізін қалап, күні бүгінге дейін технологияларда, ғылыми зерттеулерде үлкен жетістіктерге жетіп жатыр. Бірақ Азия, Африка елдері, әзірге мардымсыз нанымдар мен өздерінің діни көзқарастарына өздерін кіріптар етіп, діннің функциясын әлемді тану, ғылымның шынайы ақиқатын тану жолында адасып келе жатыр. Өздерінің бір-біріне деген алауыздығына, бір-бірін қырып-жоюына, бір-бірімен дұшпан болуына, күнделікті арпалыс-тартыстан шыға алмай келе жатыр.

Батыс елдері, отарлау күштері өте әдемі пайдаланып, діни-нанымдар арқылы елдердің сенімдерін қате жолға түсіріп, ғылыми дамуына кедергі жасап келе жатыр. Жаңа көзқараста, Азия болсын, мұсылман елдері болсын дүниеге дұрыс қарауды, дұрыс ойлануды шын мәнінде ойлау керек. Адам ретіндегі артықшылығымыз – дұрыс ойлану. Егер күнделікті тіршілігімізде, ғылыми зерттеулерімізде, дүниетанымымызда, нанымымызда, қағидаларымызда пайдалана алмасақ, онда біз отарлау елдерінің боданы болып ары қарай өмірімізді алауыздықпен, қиындықта өткізе беруімізге ешкім кепілдік бере алмайды. Италия мен француздардың ежелден бастап жаңа дәуірде үлкен жетістіктерге қол жеткізуі: олар санадағы жасаған төңкерістері деп есептеуге болады.